

Республикалық маңызы бар Шығыс мемлекеттік табиғи қамалының (зоологиялық) аумағын азайту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 1 маусымдағы № 351 қаулысы.

"Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 7-бабының 6-2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Шығыс мемлекеттік табиғи қамалының (зоологиялық) аумағы 528,7 гектарға азайтылсын.

2. "Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 26 қыркүйектегі № 593 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың тізбесінде:

"Ақмола облысы" деген бөлімде:

реттік нөмірі 4-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | |
|---|---|---------|-------------------|--|
| 4 | Шығыс мемлекеттік табиғи қамалы (зоологиялық) | 99471,3 | Біржан сал ауданы | Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті |
|---|---|---------|-------------------|--|

";

"Оңтүстік Қазақстан облысы" деген бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | |
|------------------|---|--------|---|--|
| Түркістан облысы | | | | |
| 107 | Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығы | 131934 | Түркістан облысының Түлкібас, Төлеби және Бәйдібек аудандары, Жамбыл облысының Жуалы ауданы | Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті |

| | | | | |
|-----|---|----------|---|--|
| 108 | Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы | 34300 | Сауран ауданы | Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті |
| 109 | Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі | 149037,1 | Қазығұрт, Төле би және Түлкібас аудандары | Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті |
| 110 | Ақдала мемлекеттік табиғи қамалы (ботаникалық) | 2000 | Арыс қаласы | Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті |
| 110 | Жамбыл мемлекеттік табиғи қамалы (ботаникалық) | 8600 | Бәйдібек ауданы | Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті |
| 112 | Задария мемлекеттік табиғи қамалы (ботаникалық) | 8400 | Арыс қаласы | Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті |
| | | | | Қазақстан Республикасы Экология, геология |

| | | | | |
|-----|--|---------|--|--|
| 113 | Боралдай мемлекеттік табиғи қаумалы (кешенді) | 28140 | Түлкібас, Бәйдібек аудандары | және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті |
| 114 | Темір мемлекеттік табиғи қаумалы (ботаникалық) | 4000 | Отырар ауданы | Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті |
| 115 | Арыс және Қарактау мемлекеттік қорық аймағы | 404000 | Отырар, Шардара аудандары және Арыс қаласы | Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті |
| 116 | Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік қорық аймағы | 6258000 | Жамбыл облысының Сарысу және Шу аудандары, Қызылорда облысының Жаңақорған ауданы, Түркістан облысының Созақ, Сарыағаш, Ордабасы аудандары және Арыс қаласы | Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті |

"

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов